

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
Агентство Республики Казахстан по статистике

**2002 ЖЫЛҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ҚҰРЫЛЫС**

**СТРОИТЕЛЬСТВО
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
В 2002 ГОДУ**

Статистикалық жинақ
Статистический сборник

Алматы, 2003

Қазақстан Республикасындағы құрылыс. Статистикалық жинақ.
(Әбдиевтің редакциялауымен) -Алматы қ, 2003 - 96 бет.

Строительство в Республике Казахстан. Статистический сборник.
/Под редакцией К.С. Абдиева/ - г. Алматы, 2003 - 96 стр.

Статистикалық "Қазақстан Республикасындағы құрылыс" жинағында қаржы емес активтерге жұмсалған инвестициялардың көлемі мен құрылымын сипаттайтын материалдар, құрылысқа жұмсалған инвестициялар, негізгі құрал-жабдықтарды іске қосу, өндірістік қуаттар, әлеуметтік саладағы тұрғын үйлер мен объектілер, мердігерлік жұмыстардың көлемі, құрылыста пайдаланатын, ең қажетті өнеркәсіп өнімдерін өндіру туралы деректер келтірілген.

Жинақтың бөлімдері өзіне кестелік және графикалық материалдарды, соған қоса методологиялық түсініктемені қосады.

В статистическом сборнике "Строительство в Республике Казахстан" представлены материалы, характеризующие объемы и структуру инвестиций в нефинансовые активы, инвестиций в строительство, ввода в действие основных средств, производственных мощностей, жилых домов и объектов социальной сферы, объема подрядных работ, производства важнейших видов промышленной продукции, используемых в строительстве. Многие показатели приведены в разрезе регионов.

Разделы сборника включают в себя табличные и графические материалы, методологические пояснения к ним.

Шартты белгілер:

- | | | |
|-------|---|---|
| «-» | - | құбылыс жоқ; |
| «...» | - | статистикалық деректер жоқ; |
| «0,0» | - | құбылыс орын алған, бірақ оның шамасы тиісті өлшем бірлігінде дөңгелектеуге келмейді. |

Условные обозначения:

- | | | |
|-------|---|--|
| «-» | - | явление отсутствует; |
| «...» | - | нет статистических данных; |
| «0,0» | - | явление происходило, но величина его не округляется в соответствующую единицу измерения. |

Жинақта келтірілген жекелеген статистикалық көрсеткіштерге қысқаша әдіснамалық түсініктеме

Қаржы емес активтердің инвестицияларына негізгі капиталдың инвестициялары (үй және ғимарат; машиналар мен жабдықтар; мал; екпе ағаш; пайдалы қазбаларды барлау; компьютерлік және бағдарламалық қамтамасыз ету; әдеби және көркем шығармалардың түпнұсқасы; өндірісте пайдаланылуы бірлікпен шектелетін жаңа ақпарат, арнаулы білім), қаражат айналымының материалдық қорларын толтыру (материалдар, аяқталмаған өндіріс, тауарлар), бағалылық, өндірілмеген материалдық активтерді сатып алу (жер телімдері, жер қойнауы телімдері, басқа да табиғатты пайдалану объектілері) және өндірілмеген материалдық емес активтер (патенттер, лицензиялар, жер телімдерін пайдалану құқы, табиғатты пайдалану объектілері, авторлық құқық, ұйымдастыру шығыны, тауар маркалары, тауар белгілері және т.б.) жатады.

Негізгі құрал-жабдықтарды іске қосу көрсеткішіне өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы құрылысы аяқталған және іске қосылған кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттардың құны; машиналар, жабдықтар, көлік құралдарының барлық түрлері (құрастыруды талап ететін және талап етпейтін, құрылыс сметасына кіретін және кірмейтін), негізгі қордың есебіне кіретін керек-жарақ, құрал-сайман және басқа да заттардың құны; көпжылдық екпе ағаштардың құны (бау-бақшалар, жүзімдіктер және т.б.); жерді суландыру және құрғату бойынша жұмыстардың құны; бұрғылауы аяқталған және іске қосылған мұнай немесе газға пайда-

Краткие методологические пояснения к отдельным статистическим показателям, приведенным в сборнике

Под инвестициями в нефинансовые активы понимаются инвестиции в основной капитал (здания и сооружения; машины и оборудование; скот; насаждения; разведку полезных ископаемых; компьютерное и программное обеспечение; оригиналы литературных и художественных произведений; новую информацию, специальные знания, использование которых в производстве ограничивается единицами), в пополнение запасов материальных оборотных средств (машины, незавершенное производство, товары), в приобретение произведенных материальных активов (земельных участков, участков недр, других объектов природопользования), произведенных нематериальных активов (патенты, лицензии, права пользования земельными участками, объектами природопользования, авторские права, организационные расходы, торговые марки, товарные знаки и т.д.) и другие нефинансовые активы.

В показатель **ввода в действие основных средств** включается стоимость законченных строительством и введенных в действие предприятий, зданий и сооружений производственного и непроизводственного назначения; машин, оборудования, транспортных средств всех видов (требующих и не требующих монтажа, входящих и не входящих в сметы на строительство); стоимость инструмента, инвентаря и других предметов, зачисляемых в основные фонды; стоимость многолетних насаждений (садов, виноградников и т.д.); стоимость работ по орошению и осушению

ланылған ұңғылардың құны; негізгі құрал-жабдықтардың құнын көбейтуге байланысты, жерді жақсартуға кеткен күрделі қаржы шығындары және басқа да шығындар қосылады.

Құрылысқа жұмсалған инвестициялардың көлеміне жаңа құрылысқа, қайта құруға, кеңейтуге және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жабдықтауға кеткен шығындар мен тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысқа кеткен шығындар қосылады.

Құрылысқа жұмсалған инвестицияларға құрылыс жұмыстарының барлық түрлеріне кеткен шығындар; жабдықтарды құрастыру бойынша, құрылыс сметасында қарастырылған, құрастыруды талап ететін және талап етпейтін жабдықтарды сатып алу шығындары; құрылыс сметасына енгізілген, өндірістік керек-жарақтар мен шаруашылық құрал-саймандарды сатып алу; құрылыс сметасына енгізілмеген машиналар мен жабдықтарды сатып алу; өзге де күрделі жұмыстарға кеткен шығындар жатады.

Экономика салалары бойынша деректер 1998 жылы енгізілген, Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖС) сәйкес келтірілген.

Өндірістік қуаттарды іске қосу туралы деректерге қайта салынған және толық аяқталған объектілерге берілген қуаттар, сондай-ақ барлық қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылған, қайта құру және техникалық қайта жабдықтау есебінен өскен қуаттар да қосылады. Осы деректер ереже бойынша, заттай өлшем бірлігімен, қабылдау актісінде көрсетілген нақты қабылданған мөлшерде ескеріледі. Кейбір жағдайларда қуаттарды іске қосу туралы деректер заттай тұлғаланумен көрсетіледі. Салынған, әлі өнім шығаруды бастамаған цехтар, корпусар бұл санатта ескерілмейді.

земель; стоимость законченных бурением и введенных в действие нефтяных и газовых эксплуатационных скважин, а также разведочных скважин с необходимым дебитом нефти или газа, переданных в эксплуатацию; капитальные затраты по улучшению земель и другие затраты, связанные с увеличением стоимости основных средств.

В объем **инвестиций в строительство** включаются затраты на новое строительство, реконструкцию, расширение и техническое перевооружение действующих предприятий, затраты на жилищное и культурно-бытовое строительство.

К инвестициям в строительство относятся затраты на строительные работы всех видов; затраты по монтажу оборудования, на приобретение оборудования, требующего и не требующего монтажа, предусмотренные в сметах на строительство; на приобретение производственного инструмента и хозяйственного инвентаря, включаемые в сметы на строительство; на приобретение машин и оборудования, не входящие в сметы на строительство; на прочие капитальные работы и затраты.

Данные по отраслям экономики приведены в соответствии с Общим классификатором видов экономической деятельности ОКЭД, введенным с 1998 года.

Ввод в действие производственных мощностей включает данные о введенных мощностях на вновь построенных и полностью законченных объектах, а также приросты мощностей за счет реконструкции и технического перевооружения, осуществленных за счет всех источников финансирования. Эти данные учитываются в фактически принятых размерах, указанных в актах приемки, как правило, в натуральных единицах измерения. В отдельных случаях данные о вводе в действие мощностей показыва-

Салынған пәтерлердің жалпы саны туралы деректерге барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, сондай-ақ жеке құрылыс салушылармен қалалық және ауылдық жерлерде салынған тұрғын үйлердегі пәтерлер, пәтерлік және қонақ үй үлгісіндегі пәтерлер мен жатақханалардағы пәтерлер де кіреді. Тұрғын үйлердің **жалпы алаңы** тұрақты үлгідегі пәтерлі үйлер мен жатақханалардың тұрғын алаңынан және қосалқы (қосымша) жайлардан, мүгедектер мен қарттарға арналған үйлер мен балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың жатын жайларынан тұрады. Қосалқы (қосымша) жайларға пәтерлердің ішінде орналасқан бөлмелер: ас үйлер, дәліздер, санитарлық желілер, ванналар және киім-кешек ілетін, зат қоятын бөлмелер, кіріктірілме шкафтар жатады. Жатақханалардағы қосалқы (қосымша) жайларға, жоғарыда көрсетілгеннен басқа, мәдени-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету мақсатына арналған бөлмелер жатады. Қосалқы (қосымша) жайлардың алаңына пәтер жанындағы жабық верандалар, лоджиялар, қолайлы ашық алаңдар және бұл тұрғын үйлердің техникалық-экономикалық жобалардың көрсеткішінде қарастырылса, төмендетілген коэффициентпен қондырылған балкондар да қосылады.

Тұрғын үйлердің жалпы алаңына вестибюльдер алаңы, тамбурлар, баспалдақ алаңы, жалпы дәліздер, сондай-ақ тұрғын жайға арналмаған, кіріктірілме-жапсыра салынған тұрғын үйлердің алаңдары кірмейді.

Үйлерге салмақ түсетін және қоршайтын немесе бірлескен (салмақ түсетін және қоршап тұратын) құрылымнан тұратын, өндірістік үрдістердің өртүрлерін орындауға және функциональдық мақсатқа байланысты адамдардың тұруына немесе келіп-кетуіне

ются в стоимостном выражении. Построенные цеха, корпуса, в которых не начат выпуск продукции, в этой категории не учитываются.

В данные **об общем числе построенных квартир** включены квартиры в жилых домах квартирного и гостиничного типа и общежитиях, построенных в городских поселениях и сельской местности предприятиями и организациями всех форм собственности, а также индивидуальными застройщиками.

Общая площадь жилых домов представляет собой площадь жилых и подсобных (вспомогательных) помещений в квартирных домах и общежитиях постоянного типа, в домах для инвалидов и престарелых, спальных помещениях детских домов, школ-интернатов. К подсобным (вспомогательным) помещениям относятся помещения, расположенные внутри квартир: кухни, коридоры, санитарные узлы, ванны и гардеробные комнаты, кладовые, встроенные шкафы. В общежитиях к подсобным (вспомогательным) помещениям, кроме вышеуказанных, относятся помещения культурно-бытового назначения и медицинского обслуживания. В площадь подсобных (вспомогательных) помещений включаются крытые приквартирные веранды, лоджии, террасы и балконы с установленными понижающими коэффициентами, если это предусмотрено технико-экономическими показателями проектов жилых домов.

В общую площадь жилых домов не входит площадь вестибюлей, тамбуров, лестничных площадок, общих коридоров, а также площадь в жилых домах, предназначенная для встроенно-пристроенных нежилых помещений.

К **зданиям** относится строительная система, состоящая из несущих и ограждающих или совмещенных (несущих и

арналған жер үстіндегі тұйықталған көлемді құрайтын құрылыс жүйелері жатады.

Үйлердің жалпы құрылыс көлемі – ол қосу, алу 0,00 (жер үсті бөлігі) белгісінен жоғары және осы белгіден төмен (жер асты бөлігі) құрылыс көлемінің жиынтығы. Жер асты және жер үсті үйлерінің құрылыс көлемі жоғары беттің шегімен анықталады.

Үйдің жалпы алаңы – ол сыртқы қабырғалардың ішкі бетінің, сондай-ақ балкон және лоджия алаңдарының шегінде өлшенген, (техникалық, мансардалық, төменгі қабаттық және жертөлелік алаңдарды қосқанда), үйдің барлық қабаттарындағы алаңдардың жиынтығы.

Тұрғын үйлердің жалпы алаңының 1 м^2 құрылысының орташа нақты құны барлық құрылысы есепті айда (кезеңде) аяқталған, жалпы алаңы 1 м^2 келетін тұрғын үйлерді (жеке тұрғын үйлерді, жатақханаларды, жапсыра салынған және жайүсті салынғандарды, тұрғын емес үйлердегі тұрғын жайларды қосқанда) құрылыстың қай күні басталғанына, жайлылығына және қабаттылығына қарамастан, салушылардың нақты шығарған шығынының сомасымен анықталады.

Аяқталмаған құрылыс – белгіленген күнде (есепті кезеңнің, жылдың соңында) аяқталмаған және іске қосылмаған құрылыстар мен құрылыс объектілері бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялардың (жұмсалынған күрделі қаржы) пайдаланылған көлемі.

Құрылыс ұйымдарына – барлық жалпы құрылыстық, мамандандырылған және құрылыс-жөндеу ұйымдарын қоса, жөндеп іске қосатын ұйымдар жатады. Олардың негізгі қызмет түрі “Құрылыс” қызмет түріне жататын экономикалық қызмет түрлерінің жіктеуішіне сәйкес, мердігерлік шарт бойынша тапсырыс

ограждающих) конструкций, образующих наземный замкнутый объем, предназначенный для проживания или пребывания людей в зависимости от функционального назначения и для выполнения различного вида производственных процессов.

Общий строительный объем здания - это сумма строительного объема выше отметки плюс, минус 0,00 (надземная часть) и ниже этой отметки (подземная часть). Строительный объем надземной и подземной частей здания определяется в пределах ограничивающих поверхностей.

Общая площадь здания - это сумма площадей всех этажей здания (включая технические, мансардные, цокольные и подвальные), измеренных в пределах внутренних поверхностей наружных стен, а также площадей балконов и лоджий.

Средняя фактическая стоимость строительства 1 м^2 общей площади жилых домов определяется как сумма фактически произведенных застройщиками затрат, приходящихся на 1 м^2 общей площади всех законченных строительством за отчетный период жилых домов (включая индивидуальные жилые дома, общежития, пристройки и надстройки, жилые помещения в нежилых зданиях), независимо от даты начала строительства, степени комфортности и этажности.

Незавершенное строительство – объем освоенных инвестиций в строительство (капитальных вложений) по незаконченному и не введенному в действие стройкам и объектам строительства на определенную дату (конец отчетного периода, года).

К строительным организациям относятся все общестроительные (специализированные и пусконаладочные организации, включая ремонтно-строитель-

берушілердің берген жұмысын орындаудан тұрады.

Мердігерлік жұмыстардың көлеміне құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі (жаңа құрылыс, қайта құру, кеңейту, техникалық қайта жабдықтау), тұрғын үйлерді (пәтерлерді) және басқа да халықтың өз қаражаты есебінен тапсырыс бойынша салынған үйлерді жөндеудің жұмыс көлемін қосқанда, ағымдағы және күрделі жөндеулер, сондай-ақ басқа да мердігерлік жұмыстардың көлемі, оған стандартты емес қосымша-қазандық жабдықтарын дайындау бойынша жұмыстар, мәдени-техникалық, жерді құрғатуды талап етпейтін жұмыстар, ауыл шаруашылығы жерлерін алғашқы құнарландыру бойынша жұмыстар, тапсырыс берушілермен мердігерлік шарт бойынша мердігерлік ұйымдармен орындалатын эксперименттік үйлерді салу бойынша жұмыстар және басқалар қосылады.

Құрылысқа жұмсалған инвестициялар бойынша баға индекстері элементтердің жалпы көлемдегі үлесі бойынша өлшеніп, құрылысқа жұмсалған инвестициялардың (құрылыс-монтаж жұмыстары, машиналар мен жабдықтарға жұмсалған күрделі қаржылар және өзге де күрделі жұмыстар және шығындар), технологиялық құрылымның элементтері бойынша баға индекстерін біріктіру жолымен есептелінеді.

Құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша баға индекстері аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, экономика және өнеркәсіп салалары бойынша, әзірленген технологиялық үлгілердің базасындағы Қазақстан Республикасының барлық аймақтары бойынша, базалық мердігерлік ұйымдардағы қызметкерлердің еңбек ақысына, мате-

ные организации (Основная деятельность их состоит в выполнении по договорам подряда с заказчиками работ, относящихся в соответствии с классификатором видов экономической деятельности к виду деятельности «Строительство»).

Объем подрядных работ включает объем строительно-монтажных работ (новое строительство, реконструкция, расширение, техническое перевооружение), текущего и капитального ремонта, включая объем работ по ремонту жилищ (квартир) и других построек по заказам населения за счет их средств, а также объем других подрядных работ, к которым относятся работы по изготовлению нестандартизированного котельно-вспомогательного оборудования, культурно-технические работы, на землях не требующих осушения, работы по первичному окультуриванию сельскохозяйственных угодий, работы по строительству экспериментальных зданий и другие, выполненные подрядными организациями по договорам подряда с заказчиками.

Индексы цен по инвестициям в строительство рассчитываются путем агрегирования из индексов цен по элементам технологической структуры инвестиций в строительство (строительно-монтажным работам, капитальным вложениям на машины и оборудование и прочим капитальным работам и затратам), взвешенным по доле элементов в общем объеме.

Индексы цен по строительно-монтажным работам определяются по данным регистрации цен на материалы, детали и конструкции, оплаты труда работников в базовых подрядных организациях во всех регионах Республики Казахстан на базе технологических моделей, разработанных по отраслям экономики

риалға, бөлшектер мен құрылымдарға кеткен бағаны тіркеу бойынша деректермен анықталады.

Машиналар мен жабдықтардың баға индекстері құрылыста пайдаланатын жабдықтарды шығарушылардың өзгерген баға жөніндегі деректері бойынша есептелінеді.

Өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар бойынша баға индекстері осы жұмыстарды (жобалау-іздістіру жұмыстары, терең бұрғылап және пайдалану бойынша жұмыстар, сондай-ақ құрылыс салушы мен мердігер қызметіне байланысты шығындар) құрастыратын негізгі баға индекстерінен анықталады.

Серпіндегі инвестициялар көлемінің өзгерісін көрсететін, **құрылысқа жұмсалған инвестициялардың нақты көлемінің индекстері** технологиялық құрылымның барлық элементтері бойынша құрылыстағы индекс бағалары есебімен, өткен жылда талданған нақты бағалармен құрылысқа жұмсалған инвестициялар көлемінің қатынасы ретінде анықталады.

Қажеттілік – ол өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынға қажетті құрылыс техникаларының саны (түрлері бойынша), яғни өндірістік үрдістің тоқтамауы үшін қажетті, белгілі бір ассортименттердің ғылыми дәлелденген, өндірістік қаражат көлемі.

и промышленности с учетом региональных особенностей.

Индексы цен на машины и оборудование исчисляются по данным об изменении цен производителей оборудования, используемого в строительстве.

Индексы цен по прочим капитальным работам и затратам определяются из индексов цен по основным составляющим этих работ (проектно-изыскательским работам, работам по эксплуатационному и глубокому бурению, а также затратам, связанным с деятельностью застройщика и подрядчика).

Индекс физического объема инвестиций в строительство, выражающий изменение объема инвестиций в динамике, определяется как отношение объемов инвестиций в строительство в фактических ценах анализируемого года к предыдущему году, с учетом индекса цен в строительстве по всем элементам технологической структуры.

Потребность - это научно обоснованный объем средств производства определенного ассортимента, необходимого для бесперебойного производственного процесса, т.е. количество строительной техники (по видам), необходимой предприятию для осуществления производственной деятельности.

**Инвестициялық және құрылыс қызметтерінің
негізгі көрсеткіштері**
**Основные показатели инвестиционной и строительной
деятельности**

Қаржы емес активтерге инвестициялар
Инвестиции в нефинансовые активы

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. тенге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	млн. теңге млн. тенге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	млн. теңге млн. тенге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	
Қаржы емес активтерге инвестициялар	752645	100,0	1158148	100,0	1307249	100,0	Инвестиции в нефинансовые активы
соның ішінде:							в том числе:
негізгі капиталға инвестициялар	595664	79,1	943398	81,4	1099986	84,2	инвестиции в основной капитал
одаң:							из них:
күрделі жөндеуге кеткен шығындар	43013	5,7	85657	7,4	146264	11,2	затраты на капитальный ремонт
айналым қаражатының материалдық қорларын толықтыратын инвестициялар	153526	20,4	207067	17,9	202912	15,5	инвестиции в пополнение запасов материальных оборотных средств
басқа да қаржы емес активтерге инвестициялар	3455	0,5	7683	0,7	4351	0,3	инвестиции в другие нефинансовые активы

**Инвестициялық және құрылыс қызметтерінің негізгі
әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері**
**Основные социально-экономические показатели инвестиционной
и строительной деятельности**

	2000	2001	2002	
Жалпы ішкі өнімдегі құрылыстың үлесі, пайызбен	5,2	5,5	6,1*)	Доля строительства в валовом внутреннем продукте, процентов
Нақты қолданыста болған бағада, негізгі құрал-жабдықтарды іске қосу, млн. теңге	331264	385356	411918	Ввод в действие основных средств, в фактически действовавших ценах, млн.тенге
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	595664	943398	1099986	Инвестиции в основной капитал, млн. тенге
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар нақты қолданыста болған бағаларда, млн. теңге	414238	604915	789087	Инвестиции в строительство в фактически действовавших ценах, млн.тенге
сметалық базистік бағаларда	4773	6480	7954	в сметных базисных ценах
өткен жылғы бағаларда	381084	562189	742321	в ценах предыдущего года
соның ішінде:				в том числе:
құрылыс-монтаж жұмыстары				строительно-монтажные работы

жалғасы

продолжение

	2000	2001	2002	
нақты қолданыста болған бағаларда, млн. теңге	160004	251928	420060	в фактически действовавших ценах, млн.тенге
металық базистік бағаларда	1589	2286	3511	в сметных базисных ценах
Құрылыс орындалған жұмыс көлемі				Объем выполненных строительных работ
нақты қолданыста болған бағаларда, млн. теңге	150677	253690	388977	в фактически действовавших ценах, млн.тенге
металық базистік бағаларда	1497	2302	3251	в сметных базисных ценах
Құрылыс ұйымдарының саны	2967	3614	3773	Число строительных организаций
Құрылыста жұмыс істейтіндердің орташа жылдық саны, мың адам	102,1	115,5	125,6	Среднегодовая численность занятых в строительстве, тыс. человек
Құрылыста жұмыс істейтіндердің орташа айлық жалақысы, теңге	21017	26805	32453	Среднемесячная заработная плата работающих в строительстве, тенге
Бастапқы (ағымдағы) құн бойынша құрылыстағы негізгі құрал жабдықтар, млрд. теңге	86,3	97,0	99,3	Основные средства в строительстве по первоначальной (текущей) стоимости, млрд. тенге
Тұрғын үйлерді іске қосу, жалпы алаңы мың шаршы метр	1218	1506	1552	Ввод в действие жилых домов, тыс. кв. метров общей площади
соның ішінде:				в том числе:
жеке құрылыс салушылармен	910	1094	1159	индивидуальными застройщиками
Халықты 1000 адамға шаққанда салынған тұрғын үйлер, шаршы метр	82,0	101,6	104,5	Построено жилых домов в расчете на 1000 человек населения, кв. м
Жалпы білім беретін мектептерді іске қосу, мың оқушы орны	9,7	21,9	12,4	Ввод в действие общеобразовательных школ, тыс. ученических мест
Мектепке дейінгі мекемелерді іске қосу, мың орын	-	0,2	0,05	Ввод в действие дошкольных учреждений, тыс. мест
Ауруханаларды іске қосу, мың төсек	0,1	0,2	1,2	Ввод в действие больниц, тыс. коек
Амбулатория-емханалық мекемелерді іске қосу, ауысымға мың келіп-кету	0,4	0,5	2,8	Ввод в действие амбулаторно-поликлинических учреждений, тыс.посещений в смену

*1 Жедел деректер бойынша.

*2 По оперативным данным.

Құрылыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер индексі Индексы основных социально-экономических показателей строительства

өткен жылға пайызбен

в процентах к предыдущему году


	2000	2001	2002	
Негізгі капиталға инвестициялар	148,5	144,7	110,6	Инвестиции в основной капитал
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар	138,2	135,7	122,7	Инвестиции в строительство
соның ішінде:				в том числе:
құрылыс-монтаж жұмыстары	135,8	143,9	153,5	строительно-монтажные работы

жалғасы

продолжение

	2000	2001	2002	
Құрылыс орындалған жұмыс көлемі	178,5	153,9	141,2	Объем выполненных строительных работ
Құрылысқа жұмсалған негізгі қаражат (жыл басында)	95,8	122,7	102,7	Основные средства в строительстве (на начало года)
Тұрғын үйлерді іске қосу соның ішінде:	110,2	123,7	103,1	Ввод в действие жилых домов
жеке құрылыс салушылармен	107,9	120,2	105,9	в том числе: индивидуальными застройщиками
Жалпы білім беретін мектептерді іске қосу	202,1	226,1	56,7	Ввод в действие общеобразовательных школ
Мектепке дейінгі мекемелерді іске қосу	-	-	30,9	Ввод в действие дошкольных учреждений
Ауруханаларды іске қосу	20,0	190,8	489,5	Ввод в действие больниц
Амбулатория-емханалық мекемелерді іске қосу	133,3	129,4	587,8	Ввод в действие амбулаторно-поликлинических учреждений

Құрылысқа жұмсалған инвестициялар (1991 жыл = 100%)
Инвестиции в строительство (1991 год = 100%)



Тауар өндіретін және нарықтық немесе нарықтық емес қызмет көрсететін салалар бойынша құрылысқа жұмсалатын инвестициялар
Инвестиции в строительство по отраслям, производящим товары и оказывающим рыночные и нерыночные услуги

нақты қолданыста болған бағалармен

в фактически действовавших ценах

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. теңге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	млн. теңге млн. теңге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	млн. теңге млн. теңге	қоры- тынды- сына %-бен в % к итогу	
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	414238	100,0	604915	100,0	789087	100,0	Инвестиции в строительство – всего
соның ішінде салалар:							в том числе отрасли:
тауар өндіретін нарықтық және нарықтық емес қызмет көрсететін	305312	73,7	452532	74,2	555045	70,3	производящие товары оказывающие рыночные и нерыночные услуги
	108926	26,3	152383	25,8	234042	29,7	

Меншік нысаны бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялар
Инвестиции в строительство по формам собственности

нақты қолданыста болған бағалармен

в фактически действовавших ценах

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	414238	138,2	604915	135,7	789087	122,7	Инвестиции в строительство – всего
соның ішінде:							в том числе:
мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар	52485	94,4	92465	163,7	114329	116,3	государственных предприятий и организаций
мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдар	353393	149,4	501793	132,0	396113	119,8	негосударственных предприятий и организаций
халық	8360	106,7	10657	118,5	278645	130,1	населения

Қаржыландыру көздері бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялар
Инвестиции в строительство по источникам финансирования


нақты қолданыста болған бағалармен

в фактически действовавших ценах

	Млн. теңге Млн. тенге			Қорытындысына %-бен В % к итогу			
	2000	2001	2002	2000	2001	2002	
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	414238	604915	789087	100,0	100,0	100,0	Инвестиции в строительство – всего в том числе финансируемых за счет:
соның ішінде мыналар есебіне қаржыландырылады:							
бюджет қаражаты	37891	67017	82389	9,2	11,1	10,4	бюджетных средств
кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты	219789	314595	403509	53,5	52,0	51,1	собственных средств предприятий и организаций
жеке құрылыс салушылардың қаражаты	8360	10657	13161	1,6	1,8	1,7	средств индивидуальных застройщиков
шетелдік инвестициялар	148198	212646	290028	35,7	35,1	36,8	иностраннных инвестиций

Қаржыландыру көздері бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялар
құрылымы

Структура инвестиций в строительство по источникам финансирования



Құрылысқа жұмсалған инвестициялардың ұдайы өндірістік құрылымы*)
Воспроизводственная структура инвестиций в строительство*)

нақты қолданыста болған бағалармен

в фактически действовавших ценах

	2000	2001	2002	
Миллион теңге Миллионов тенге				
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	280297	463239	623951	Инвестиции в строительство – всего
соның ішінде мынаған бағытталды:				в том числе направлено на:
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жабдықтауға және қайта құруға	61638	130461	160404	техническое перевооружение и реконструкцию действующих предприятий
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге	10946	81206	94068	расширение действующих предприятий
жаңа құрылыс салуға	190160	227179	361949	новое строительство
жұмыс істеп тұрған қуатты қолдауға	6440	18276	4202	поддержание действующих мощностей
көрсетілген бағытқа қатысы жоқ жекелеген объектілерді салуға	11113	6117	3328	строительство отдельных объектов, не относящихся к указанным направлениям
Пайызбен В процентах				
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	100,0	100,0	100,0	Инвестиции в строительство – всего
соның ішінде мынаған бағытталды:				в том числе направлено на:
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жабдықтауға және қайта құруға	22,0	28,2	25,7	техническое перевооружение и реконструкцию действующих предприятий
жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге	3,9	17,5	15,1	расширение действующих предприятий
жаңа құрылыс салуға	67,8	49,0	58,0	новое строительство
жұмыс істеп тұрған қуатты қолдауға	2,3	4,0	0,7	поддержание действующих мощностей
көрсетілген бағытқа қатысы жоқ жекелеген объектілерді салуға	4,0	1,3	0,5	строительство отдельных объектов, не относящихся к указанным направлениям

*) мұнайды, суды және жерасты суларын пайдалану және терең барлап бұрғылау, болашақта құрылыс салуға арналған жобалау-іздестіру жұмыстарының (жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтауға және қайта құруға қарастырылған жабдықтардан басқа), құрылыс сметасына кірмейтін жабдықтардың шығынынсыз

*) без затрат на оборудование, не входящее в сметы строок (кроме оборудования, предусмотренного по техническому перевооружению и реконструкции действующих предприятий), на эксплуатационное и глубокое разведочное бурение на нефть, газ и термальные воды, на проектно-изыскательские работы для строительства будущих лет.


**Салынып жатқан объектінің экономикалық қызмет түрлері
бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялары
Инвестиции в строительство по видам экономической
деятельности строящегося объекта**

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	414238	138,2	604915	135,7	789087	122,7	Инвестиции в строительство – всего
соның ішінде:							в том числе:
Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман өсіру	5874	384,8	8706	139,2	7631	83,4	Сельское хозяйство, охота и лесное хозяйство
Балық аулау, балық өсіру	12	-	3	19,2	235	8798,3	Рыболовство, рыбоводство
Өнеркәсіп соның ішінде:	299438	144,5	440028	136,9	547179	117,0	Промышленность в том числе:
кен өндіру өнеркәсібі	252527	154,0	355061	130,7	457066	121,1	горнодобывающая промышленность
өңдеу өнеркәсібі	31361	98,4	61218	181,4	61283	94,2	обрабатывающая промышленность
электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу	15550	135,1	23749	140,4	28830	113,7	производство и электроэнергетики, распределение газа и воды
Құрылыс салу	3355	394,7	3795	105,3	6226	155,0	Строительство
Сауда; автомобильдерді және үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу	8805	146,9	5899	62,3	18076	288,2	Торговля; ремонт автомобилей, бытовых изделий и предметов личного пользования
Қонақ үйлер және мейрамханалар	3762	61,5	5426	134,1	2712	47,0	Гостиницы и рестораны
Көлік және байланыс	44031	186,1	63745	134,5	92563	136,6	Транспорт и связь
Қаржы қызметі	588	104,6	1845	291,7	188	9,6	Финансовая деятельность
Жылжымайтын мүліктермен операциялар, жалгерлік және кәсіпорындарға қызмет көрсету	29993	154,0	32106	100,6	51969	152,1	Операции с недвижимым имуществом, аренда и предоставление услуг потребителям
Мемлекеттік басқару	3151	22,0	8421	248,4	17071	190,7	Государственное управление
Білім беру	3534	101,8	8592	221,8	9181	97,9	Образование
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	3115	59,5	8847	264,0	9770	103,9	Здравоохранение и предоставление социальных услуг
Коммунальдық әлеуметтік және жеке қызмет көрсетуді ұсыну	8580	73,8	17502	189,6	26286	141,3	Предоставление коммунальных, социальных и персональных услуг

**Салынып жатқан объектінің экономикалық қызмет түрлері бойынша
құрылысқа жұмсаған инвестицияларының құрылымы
Структура инвестиций в строительство по видам экономической
деятельности строящегося объекта**

пайызбен				в процентах
	2000	2001	2002	
Құрылысқа жұмсалған инвестициялар – барлығы	100,0	100,0	100,0	Инвестиции в строительство-всего
соның ішінде:				в том числе:
Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман өсіру	1,4	1,4	1,0	Сельское хозяйство, охота и лесное хозяйство
Балық аулау, балық өсіру	-	0,0	0,0	Рыболовство, рыбоводство
Өнеркәсіп	72,3	72,7	69,3	Промышленность
соның ішінде:				в том числе:
кен өндіру өнеркәсібі	61,0	58,7	57,9	горнодобывающая промышленность
өңдеу өнеркәсібі	7,6	10,1	7,8	обрабатывающая промышленность
электр энергиясың, газ бен су өндіру және бөлу	3,7	3,9	3,6	производство и распределение электроэнергии, газа и воды
Құрылыс салу	0,8	0,6	0,8	Строительство
Сауда; автомобильдерді және үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу	2,1	1,0	2,3	Торговля; ремонт автомобилей, бытовых изделий и предметов личного пользования
Қонақ үйлер және мейрамханалар	0,9	0,9	0,3	Гостиницы и рестораны
Көлік және байланыс	10,6	10,5	11,7	Транспорт и связь
Қаржы қызметі	0,1	0,3	0,0	Финансовая деятельность
Жылжымайтын мүліктермен операциялар, жалгерлік және кәсіпорындарға қызмет көрсету	7,2	5,3	6,6	Операции с недвижимым имуществом, аренда и предоставление услуг потребителям
Мемлекеттік басқару	0,8	1,4	2,2	Государственное управление
Білім беру	0,9	1,4	1,2	Образование
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету	0,8	1,5	1,3	Здравоохранение и предоставление социальных услуг
Коммунальдық әлеуметтік және жеке қызмет көрсетуді ұсыну	2,1	3,0	3,3	Предоставление коммунальных, социальных и персональных услуг

**Экономикалық қызмет түрлері бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялар
(жалпы көлемдегі үлес, %)**
**Инвестиции в строительство по видам экономической деятельности
(доля в общем объеме, %)**



**Өнеркәсіп салалары бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялар
Инвестиции в строительство по отраслям промышленности**

нақты қолданыста болған бағалармен

в фактически действовавших ценах

	2000		2001		2002		
	млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к предыдущему году	млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к предыдущему году	млн. тенге	өткен жылға %-бен в % к предыдущему году	
Өнеркәсіп– барлығы	299438	144,5	440028	136,9	547179	117,0	Промышленность - всего в том числе:
Кен өндіру	252527	154,0	355061	130,7	457066	121,1	
өнеркәсібі	4808	169,3	5992	110,4	10645	159,5	
соның ішінде:							Горнодобывающая промышленность в том числе:
көмір және лигнит өндіру, шымтезек алу							
							добыча угля, лигнита и торфа

жалғасы

продолжение

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	
шикі мұнай және та- биғи газ өндіру; осы салаларда қызмет көрсету	228344	151,3	330252	134,4	431558	122,9	добыча сырой нефти и природного газа; предоставле- ние услуг в этих областях
уран және торий көндерін өндіру	305	155,5	2156	6,6 раз	2587	112,9	добыча урановой и ториевой руд
металл көндерін өндіру	18593	187,6	16462	82,3	11809	67,5	добыча металли- ческих руд
көң өндіру өнеркәсі- бінің өзге де салалары	477	345,3	198	38,6	467	221,8	прочие отрасли горнодобывающей промышленности
Өңдеу өнеркәсібі соның ішінде:	31361	98,4	61218	181,4	61283	94,2	Обрабатывающая промышленность в том числе:
тамақ өнімдерін өнді- ру, сусындарды қоса темекі бұйымдарын өндіру	6550	65,2	8098	114,9	15818	183,8	производство пи- щевых продуктов, включая напитки
тоқыма бұйымдарын өндіру	1272	34,2	3140	229,5	1974	59,2	производство та- бачных изделий
шығару	229	30,0	1780	717,9	1157	60,9	текстильное производство
киім-кешек өндірісі; үлбірді өңдеу және бояу	29	80,9	10	32,7	28	258,6	производство одежды; выделка и крашение меха
былғары өндірісі; былғары бұйымдары мен аяқкиім шығару	14	4084,1	3	18,4	46	1512,2	производство кожи, изделий из кожи и производ- ство обуви
ағаш өңдеу және жи- һаздан басқа, ағаш бұйымдары мен ты- ғындар шығару	11	160,0	18	145,6	76	399,7	обработка древе- сины и производ- ство изделий из дерева и пробки,
қағаз жиыны, қағаз қатырма қағаз және олардан жасалған өнімдер өндірісі	766	49548,9	1475	179,0	1005	64,1	кроме мебели производство бу- мажной массы, бу- маги, картона и из- делий из них
баспа және баспахана қызметі, ақпарат- тың жазылған тасы- малдаушыларының таралымын көбейту	19	51,6	39	187,5	742	1795,3	издательская и по- лиграфическая деятельность,
кокс өнімдерін, мұнай және ядролық мате- риалдарды өндіру	2850	106,0	6128	199,9	4882	75,7	тиражирование записанных носи- телей информации производство кокса, нефтепродуктов и ядерных материалов

жалғасы

продолжение

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	
<i>Химия өнеркәсібі</i>	978	140,3	1780	169,3	1058	56,5	<i>Химическая</i>
резина және пласт- масса бұйымдарын							<i>промышленность</i>
шығару	98	69,1	131	124,0	623	449,0	производство рези- новых и пластмас- совых изделий
өзге де металлға жатпайтын мине- ральдық өнімдерді өндіру	1289	1134,2	2486	179,2	4591	173,8	производство про- чих неметалличес- ких минеральных продуктов
<i>Металлургия</i>							<i>Металлургическая</i>
<i>өнеркәсібі</i>	16729	126,5	34691	192,7	25720	69,7	<i>промышленность</i>
дайын металл бұйымдарын							производство гото- вых металличе- ских изделий
өндіру	47	233,4	231	455,4	312	126,7	производство ма- шин и оборудо- вания
машиналар мен жабдықтар							производство
шығару	66	74,3	245	343,3	181	69,4	электрических машин и обо- рудования
электр машиналары мен жабдықтарын							производство
шығару	348	691,5	791	211,5	850	101,1	оборудования и аппаратуры для радио, телеви- дения и связи
радио, телевидения және байланысқа ар- налған жабдықтар мен аппаратуралар							производство
шығару	8	36,4	95	11 раз	18	17,9	автомобилей, прицепов и полу- прицепов
автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер							производство
шығару	23	355,4	12	46,4	1389	11205,6	прочих транспорт- ных средств
өзге де көлік жабдық- тарын шығару	17	-	25	136,3	116	433,5	производство ме- бели, и прочей про- дукции не включен- ной в другие
жиһаз және басқа топтастыруларға кір- гізілмеген өзге де өнімдер шығару	11	6,3	41	360,1	466	1069,2	группировки
қайталама шикізат- тарды өңдеу	5	30,5	0	1,5	231	в 2622 р.	обработка вто- ричного сырья
Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу							Производство и распределение электроэнергии, газа и воды
соның ішінде:	15550	135,1	23749	140,4	28830	113,7	в том числе: производство и распределение электроэнергии
электр энергиясын өндіру және бөлу	7248	93,5	7547	95,7	13448	166,8	

аяғы

ОКОНЧАНИЕ

	2000		2001		2002		
	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	млн. теңге млн. теңге	өткен жылға %-бен в % к преды- дущему году	
газ тәріздес отын өндіру және бөлу	2585	204,0	4462	158,6	5233	109,8	производство и распределение газообразного топлива снабжение паром и горячей водой сбор, очистка и распределение воды
бумен және ыстық сумен жабдықтау	402	38,3	3920	9 раз	3792	90,6	
су жинау, тазалау және бөлу	5315	369,2	7820	135,2	6357	76,1	

**Өнеркәсіп салалары бойынша құрылысқа жұмсалған
инвестициялардың құрылымы**

Структура инвестиций в строительство по отраслям промышленности

пайызбен

в процентах

	2000	2001	2002	
Өнеркәсіп — барлығы	100,0	100,0	100,0	Промышленность - всего
соның ішінде:				в том числе:
Кен өндіру өнеркәсібі	84,3	80,7	83,5	Горнодобывающая промышленность
соның ішінде:				в том числе:
көмір және лигнит өндіру, шымтезек алу	1,6	1,4	1,9	добыча угля, лигнита и торфа
шикі мұнай және табиғи газ өндіру; осы салаларда қызмет көрсету	76,2	75,1	78,9	добыча сырой нефти и природного газа; пре- доставление услуг в этих областях
уран және торий көндерін өндіру	0,1	0,5	0,5	добыча урановой и ториевой руд
металл көндерін өндіру	6,2	3,7	2,1	добыча металлических руд
кен өндіру өнеркәсібінің өзге де салалары	0,2	0,0	0,1	прочие отрасли горно- добывающей промыш- ленности
Өңдеу өнеркәсібі	10,5	13,9	11,2	Обработывающая промышленность
соның ішінде:				в том числе:
тамақ өнімдерін өндіру, сусындарды қоса	2,2	1,8	2,9	производство пищевых продуктов, включая напитки
темік бұйымдарын өндіру	0,4	0,7	0,4	производство табачных изделий
тоқыма бұйымдарын шығару	0,1	0,4	0,2	текстильное произ- водство

жалғасы

продолжение

	2000	2001	2002	
киім-кешек өндірісі; үлбірді өңдеу және бояу	0,0	0,0	0,0	производство одежды; выделка и крашение меха
былғары өндірісі; былғары бұйымдары мен аяқкиім шығару	0,0	0,0	0,0	производство кожи, изделий из кожи и производство обуви
ағаш өңдеу және жиһаздан басқа, ағаш бұйымдары мен тығындар шығару	0,0	0,0	0,0	обработка древесины и производство изделий из дерева и пробки, кроме мебели
қағаз жиыны, қағаз қатырма қағаз және олардан жасалған өнімдер өндірісі	0,3	0,3	0,2	производство бумажной массы, бумаги, картона и изделий из них
баспа және баспахана қызметі, ақпараттың жазылған тасымалдаушыларының таралымын көбейту	0,0	0,0	0,1	издательская и полиграфическая деятельность, тиражирование записанных носителей информации
кокс өнімдері, мұнай және ядролық материалдарды өндіру	1,0	1,4	0,9	производство кокса, нефтепродуктов и ядерных материалов
<i>Химия өнеркәсібі</i>	0,3	0,4	0,2	<i>Химическая промышленность</i>
резина және пластмасса бұйымдарын шығару	0,1	0,0	0,1	производство резиновых и пластмассовых изделий
өзге де металлға жатпайтын минеральдық өнімдерді өндіру	0,4	0,6	0,8	производство прочих неметаллических минеральных продуктов
<i>Металлургия өнеркәсібі</i>	5,6	7,8	4,7	<i>Металлургическая промышленность</i>
дайын металл бұйымдарын өндіру	0,0	0,1	0,1	производство готовых металлических изделий
машиналар мен жабдықтар шығару	0,0	0,1	0,0	производство машин и оборудования
кеңсе жабдықтары мен есептеу техникаларын шығару	0,0	0,0	-	производство офисного оборудования и вычислительной техники
электр машиналары мен жабдықтарын шығару	0,1	0,2	0,2	производство электрических машин и оборудования
радио, телевидения және байланысқа арналған жабдықтар мен аппаратуралар шығару	0,0	0,0	0,0	производство оборудования и аппаратуры для радио, телевидения и связи
автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер шығару	0,0	0,0	0,3	производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
өзге де көлік жабдықтарын шығару	0,0	0,0	0,0	производство прочих транспортных средств
жиһаз және басқа топтастыруларға кіргізілмеген өзге де өнімдер шығару	0,0	0,0	0,1	производство мебели, и прочей продукции не включенной в другие группировки
қайталама шикізаттарды өңдеу	0,0	0,0	0,0	обработка вторичного сырья
Электр энергиясың, газ бен су өндіру және бөлу	5,2	5,4	5,3	Производство и распределение электроэнергии, газа и воды

аяғы

окончание

	2000	2001	2002	
соның ішінде: электр энергиясын өндіру және бөлу	2,4	1,7	2,4	в том числе: производство и распре- деление электроэнергии
газ тәрізді отын өндіру және бөлу	0,9	1,0	1,0	производство и распре- деление газообразного топлива
бумен және ыстық сумен жабдықтау	0,1	0,9	0,7	снабжение паром и горячей водой
су жинау, тазалау және бөлу	1,8	1,8	1,2	сбор, очистка и распре- деление воды

Тұрғын үй құрылысына жұмсалған инвестициялар
Инвестиции в жилищное строительство

нақты бағамен

в фактических ценах

	Барлығы Всего	одан из них		
		мемлекеттік кәсіпорын- дар мен ұйымдар государствен- ных пред- приятый и организаций	мемлекеттік емес кәсіпо- рындар мен ұйымдар негосудар- ственными предприя- тиями и ор- ганизациями	соның ішінде халық в том числе населением
Миллион теңге				
Миллионов тенге				
1999	13771	4146	9625	5829
2000	22435	2000	20435	6644
2001	27310	4387	22923	8017
2002*	36158	6862	29296	9141
Өткен жылға пайызбен				
В процентах к предыдущему году				
1999	66,8	45,1	110,3	122,5
2000	145,7	43,1	189,9	102,0
2001	114,4	206,2	105,4	113,8
2002*	124,4	147,0	120,1	107,2

Экономиканың жеке салалары бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялардың ұдайы өндірістік құрылымы
Воспроизводственная структура инвестиций в строительство по отдельным отраслям экономики

пайызбен

в процентах

	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау және қайта құру Техническое перевооружение и реконструкция действующих предприятий		Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту Расширение действующих предприятий		Жаңа құрылыс салу Новое строительство		Жұмыс істеп тұрған қуаттарды қолдау Поддержание действующих мощностей		Аталған бағыттарға жатпайтын жеке объектілер Отдельные объекты, не относящиеся к перечисленным направлениям		
	2001	2002	2001	2002	2001	2002	2001	2002	2001	2002	
Өнеркәсіп	30,7	27,6	24,8	21,9	38,0	49,2	5,5	1,0	1,0	0,3	Промышленность
Ауыл шаруашылығы	69,7	33,2	0,1	0,3	29,1	65,4	0,1	-	1,0	1,1	Сельское хозяйство
Көлік	30,1	34,5	1,0	0,7	66,2	64,0	0,9	0,3	1,8	0,5	Транспорт
Байланыс	45,7	41,5	7,7	7,9	45,8	46,3	-	-	0,8	4,3	Связь
Құрылыс салу	16,6	24,5	2,2	1,8	81,2	73,6	-	0,0	0,0	0,1	Строительство

Өнеркәсіптің жеке салалары бойынша құрылысқа жұмсалған инвестициялардың ұдайы өндірістік құрылымы
Воспроизводственная структура инвестиций в строительство по отдельным отраслям промышленности

пайызбен

в процентах

